



Бекітемін: _____

№15 «Балдәурен» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі
Ш.Муберекова
2025ж.

№15 «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы ережелер

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ережелер №15 «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы мектепке дейінгі ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (әрі қарай ПП) жұмысын реттейді.

1.2. ППҚҚ – мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне көрсетілетін көмек пен қолдаудың ерекше түрі. Ол әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты дамуы мен әлеуметтенуіне жағдай жасайтын мамандардың жүйелі, ұйымдастырылған бірлескен іс-әрекетін білдіреді.

1.3. ППҚҚ әрекеті келесіге бағытталады:

- тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамытудағы қиындықтарды анықтау және бағалау;
- тәрбиешілерге, ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;
- балаларды табысты оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау.

1.4 Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі қағидалары:

- 1) кәсіби әдепті сақтау;
- 2) тәрбиеленушілердің жеке басына эмпатия және құрмет көрсету;
- 3) тәрбиеленушілердің жеке, жас ерекшеліктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері;
- 4) психологиялық және педагогикалық білімді интеграциялау, педагогикалық психология негіздерін қолдану;
- 5) тәрбиеленушілердің құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, ақпараттың құпиялылығы;
- 6) тәрбиеленушілердің денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігін болғызбау;
- 7) тәрбиеленушілердің тәрбиелеу процесінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың ғылымилығы, кешенділігі, бірізділігі, кезеңділігі және үздіксіздігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. №15 «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру

2.1. Тәрбиеленушілердің психологиялық-педагогикалық қолдау облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (әрі қарай ОПМПК) тұжырымдамасы мен ұсынысының негізінде, сондай-ақ тәрбиеленушінің № балабақшаның штаттық мамандарының (педагог-психолог, логопед мұғалім,

арнайы педагог, медициналық қызметкер) диагностикалық тексерулерінің нәтижесінде жүзеге асырылады.

2.2. № балабақша меңгерушісінің бұйырығымен тағайындалған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрағасы аталған қызметті басқарады. Қызметтің барлық мамандары қолдау бойынша бірлескен әрекеттерін лауазымдық ережелер мен атқарымдық міндеттемелерге сәйкес атқарады. Қызметтің жұмысына тәрбиешілер, тәрбиеленушілердің ата-аналары, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар тартылуы мүмкін.

2.3. № балабақшасындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі өзінің жұмысында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы: баланың құқығы туралы БҰҰ конвенциясын, мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ декларациясын, балаларды қорғау және дамыту, өмір сүруін қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларацияны, ҚР «Білім туралы» Заңын, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңын, ҚР ОА министрлігінің бұйрықтары мен ұсынымдарын, № балабақшаның жарғысын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын (2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы) және осы ережені басшылыққа алады.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты мен міндеттері

3.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың табысты әлеуметтенуін, танымдық және сөйлеу дағдыларын, эмоционалдық және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету.

3.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің міндеттері:

- тәрбиеленушілердің құқығы мен жеке бас қызығушылықтарын қорғау, олардың оқуы мен психологиялық және дене тұрғысынан дамуын қауіпсіз жағдаймен қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуде көмектесу және қолдау;
- баланың дамуы мен тәрбиелеу процесінде туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу үшін баланың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кешенді түрде диагностикалау;
- тәрбиелеу мен дамыту үдерісінің барлық субъекілерінің арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттенуді нығайтуға көмектесу;
- тәрбиеленушілер, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар арасында кеңестік ағарту жұмысын жүргізу.

3.3. Баланы және оның жанұясын қолдау туралы шешім қызметтің барлық мамандарымен бірге, ПМПК-тің тұжырымдамасы мен ұсыныстарының негізінде қабылданады.

3.4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарымен және мекемелерімен, тәрбиеленушілерді дамыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға көмектесетін әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары

- диагностикалық бағыт оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесіндегі, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындаудағы әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауды, сондай-ақ оқудағы, дамудағы, әлеуметтенудегі қиындықтардың себептерін анықтауды көздейді;
- консультативтік бағыт білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде; тұлғалық ерекшеліктерді өзектендіруде көмек көрсету нысанында жеке және топтық қызметті; жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеруге жәрдемдесуді; жаңа көзқарастарды қалыптастыруға және өз шешімдерін қабылдауға көмектесуді; тұлғааралық қатынастардағы, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытудағы қиындықтарға байланысты әртүрлі психологиялық проблемаларды шешуді; ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде көмек көрсетуді қарастырады;
- дамытушылық (түзету) бағыт білім алушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдармен (балалармен) білім беру кеңістігін қалыптастыру, оқуға ынталандыру, сондай-ақ білімді, іскерлікті және дағдыларды, оларды тәрбиелеу-білім беру, оқу және танымдық қызметте игеру және таныту мүмкіндіктері мен тәсілдерін дамыту бойынша жеке, кіші топтық, топтық жұмыс жүргізуді көздейді. ППҚҚ мамандарының (педагог-психологтар, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер) кешенді өзара іс-қимылы негізінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау барысында анықталған білім алушыларды тәрбиелеудегі, оқытудағы және мінез-құлқындағы қиындықтарды анықтау және еңсеру бойынша педагогтердің жұмысын ұйымдастыруды қамтиды;
- психологиялық-педагогикалық ағарту білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың), педагогтердің жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесуді; педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық білімге қажеттілігін қалыптастыруға және оларды білім алушылардың оқуындағы, тәрбиесі мен дамуындағы қиындықтарды болдырмау үшін пайдалануға деген ұмтылысын қалыптастыруға жәрдемдесуді көздейді (семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогтер мен ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге арналған интерактивті әдістер мен дәрістер);
- ұйымдастыру-әдістемелік бағыт ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізуді: білім беру және дамыту ортасының жағдайына мониторинг жүргізуді, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелерін талдауды және оны қолдау бойынша ұсынымдар әзірлеуді, білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру

қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) қолдауда пәнаралық тәсілді әзірлеуді; білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдаудағы озық инновациялық технологияларды зерделеу, білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау технологияларын меңгеру бойынша семинарлар, тренингтер мен консультациялар ұйымдастыруды және өткізуді көздейді.

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттамасы

5.1. № балабақша меңгерушісі бекіткен, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жылдық жұмыс жоспары.

5.2. № балабақша меңгерушісі бекіткен, қолдау мамандарының жұмыс кестесі.

5.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының жылдық жұмыс жоспары мен хаттамалары.

5.4. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке дамыту, түзете-дамыту бағдарламалары;

5.5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын жылдық талдау.


6. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының жауапкершіліктері

6.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте төменде берілгендерге қатысты жауапкершіліктері:

- № балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелерін және жарғысын, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысының бұйрығын және басқа да жергілікті нормативтік актілерді, лауазымдық міндеттемелерді орынды себепсіз орындамау немесе толық және дұрыс орындамау;
- түзете-дамыту сабақтары уақытындағы балалардың өмірі мен денсаулығы;
- баланы тексеру барысында өзінің құзыреттілігінің аясында негізделмеген тұжырымдама жасау, осының себебінен баланың дене және психикалық денсаулығының нашарлауы;
- баланың құқығы мен жеке бастық еркіндігін сақтау;
- тексеру кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығы;
- құжаттаманы жүргізу және оны сақтау;
- еңбек тәртібін, өндірістік санитарияны және өрттен қауіпсіздік ережелерін сақтау.


ЕРЕЖЕМЕН ТАНЫСТЫМ:

Әдіскер:



Г.Жулдызбаева

Педагог-логопед:



Қ.Бакберген

Педагог-психолог:



Б.Сырлыбаева